

# AQTOĞAI AJARY


Gazet 1938 jylgy  
15 tamyzdan shyğady

Aqtoğai aýdandyq qoғamdyq-saiası basylım

@aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 5 (7947)  
Жұма  
2 ақпан  
2024 жыл



## Жарқын болашаққа батыл қадам

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысы, ең алдымен, былтырдан бері жүргізілген ауқымды саяси реформаларға тоқталып, елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орныққанын, адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалып, әділдік пен заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Жолдау көптің көңілінде жүрген ойларға қозғау салды. Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді. Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе

өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндік берілді. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау

нысаны салынып жатыр», – деді.

Әрине, бүгінде медицина саласы қызметкерлерінің айлық жалақысы көтерілді. Жауапкершіліктің жүгіде ауырлады. Салаға қызығушылық танытатындар көбейіп, нағыз өз ісінің мамандары жұмысқа орналаса бастады. Бұл Жолдау жүгінің реформаға әкелгенін көрсетіп отыр.

Сондай-ақ, шағын ауылдарда медицина нысандары да бой түзеп отыр. Өңірімізде де бұл жұмыстар жалғасын табады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді дамудың даңғыл жолына бастап баратқанын аңғаруға болады.

А.Смайлова,  
Ақтоғай аудандық орталық  
ауруханасының дәрігері

## Оң өзгерістер бастауы

2023 жылдың 1-қыркүйегінде Парламенттің қоспалаталық отырысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жолдауын жасады.

«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталған жолдау өңдеуші және тау-кен өнеркәсібі, қорғаныс-өнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік-логистика, қаржы, IT және цифрландыру, су ресурстары, креативті индустрияны дамыту, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөнінде Үкіметке нақты міндеттер жүктеді. Сондай-ақ мемлекеттің экономикаға ықпалын азайтуға, экономиканы монополиядан арылтуға, макроэкономикалық саясатты қайта қарауға, салық, бюджет саясатын және әкімшілік басқару жүйесін реформалауға қатысты бір-қатар маңызды бастама көтерді.

Осы ретте Мемлекет басшысы сөзін халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өтуден бастады.

Жолдауда сонымен қатар ауылшаруашылық саласындағы реформалар, азық түлік қауіпсіздігі мен шағын шаруашылықтарды қолдау, сондай-ақ агроөнеркәсіп саласындағы бағдарламалар бойынша сөз қозғалды. Ел Президенті өз сөзінде: «Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл

шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу», – деп бағытымызды тағы бір айқындап берді.

Сондай-ақ, ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау маңызды екенін де атап өтті. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуға тиіс», – деді Президент.

Жолдауда ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін, әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бірқатар бастамалардың бар болғаны, денсаулық сақтау және білім беру саласында мүмкіндіктер туғызғаны көңіл қуантарлық. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету, тәрбиешілердің жалақысын көтеру, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының қолға алынғаны, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын топтағы балаларға мектеп формасын бюджет есебінен беру – құптарлық жайт.

Е.Керімбай,  
аудандық мәслихаттың депутаты.

## \* Аудан әкімдігінде

## Өзекті мәселелер орын тапқан кеңес

Өткен дүйсенбіде аудан әкімі Руслан Кенжебековтың төрағалығымен кезекті аудандық аппараттық кеңес өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, кент, ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жылыту маусымының өту барысы туралы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Ардагер Капашев баяндама жасады.

–Аудан көлемі бойынша аудан әкімінің 2 қазанындағы №51 өкімімен аудан аумағында жылыту маусымы 3 қазаннан бастап бастау алған. Аудан аумағында барлығы 18,16 км құрайтын жылу желісі жұмыс жасайды, оның ішінде 13,03 км магистралдық, 5,13 км кварталішілік жылу жүйесі бар. Жылу желілерінде күрделі ақаулар тіркелген жоқ. Жалпы жылыту маусымында 3 орталық жылу қазандығы және 24 білім, 4 денсаулық сақтау, 9 мәдениет үйлері, 1 спорт нысаны жылыту маусымына толық көлемде еніп, қалыпты жағдайда жұмыс жасауда. Шашубай кентінің жылу қазандығының дайындығын қамтамасыз ету мақсатында және күрделі жөндеуден өтіп жатқан Ақберенов көшесі №9 үйді орталық жылуға қосу үшін орталық қазандыққа 1 дана жаңа ТОМ маркалы қазандық, 8 МегаВаттық жылу алмастырғыш, 4 дана сорғы құрылғысы, 2 айналым және 3 дана түтін сорғы сатып алынып орнатылды. Сонымен қатар, қазандық ғимарат ішіндегі жылу желілері толық көлемде 100 мм ден 150 мм ге ауыстырылды. Сарышаған кенті бойынша 2 орталық жылу қазандығы жұмыс жасайды. Аталған қазандықтарда жылу кестеге сай берілуде. Бүгінгі таңда 3 ықшамауданда 2 қазандық, Абай көшесінде 1 қазандық жұмыс жасауда. Қазандықтарды көмірмен қамтамасыз ету мақсатында «СК Евродор» ЖШС-сімен келісім жасалып, тасымалдануда. Бүгінгі таңда көмір қоры жеткілікті. Сарышаған кенті бойынша жиі орын алатын проблемалық мәселе электр қуатының жиі сөнуі. Бұл қыс мезгілінде қазандықтардың температурасын 40 градусқа дейін түсіруге мәжбүрлеген болатын. Сол себепті 9,8 млн. теңге қаражатқа 3 ықшамаудандағы қазандыққа 150 кВттық, Абай көшесіндегі қазандыққа 100 кВттық дизельдік генератор сатып алынып,

орнатылды. Сонымен қатар 4 дана түтін сорғы сатып алынып орнатылды, – дейді А.Капашев ақпар барысында.

Сонымен қатар сала басшысы аудан тұрғындарын таза ауыз сумен қамту мақсатында жасалып жатқан жұмыстары тілге тиек етті. Оның айтуынша аудан аумағында 35 елді мекеннің 16 орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Жалпы желі ұзындығы 139 шақырымды құрайды. Барлық нысандар қалыпты жағдайда жұмыс жасауда.



–2023 жылы бюджет есебінен қаралған қаржыға Сарышаған кентінде орналасқан су тұщыландыру контейнеріне ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді, сорғы станциясына 1 дана 55кВт сорғы құрылғысы сатып алынды. Шашубай кентінің Алтын ықшамауданына мердігер «Алатау Строй» сервис серіктестігімен 400 метрді құрайтын құбыр ауыстырылды. «Ақтоғай Су» серіктестігі арқылы 9 дана ЭЦВ маркалы сорғы құрылғылары, 15 су гидранды сатып алынып, құбырларды күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсету мақсатында 38 дана құдық қақпақтары, 30 дана ысырма ауыстырылды, – дейді А.Капашев.

Сондай-ақ, аппараттық кеңес барысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі атқарылған жұмыстар бойынша ауданның бас дәрігері Б.Шажалиев, баспасөз ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстар туралы ауданның ішкі саясат бөлімінің басшысы Алтай Алибаев ақпар берді.

Кеңесте жоғарыда аталған мәселелерден бөлек өзге де жұмыстар тілге тиек етіліп, жиын қорытындыланды.

Думан ҚАБЫЛ.


\* Президент тапсырмасын орындай отырып...

\* Қарлы қыс – 2024

## Ақтоғайдағы ауқымды істер

Ақтоғай ауданында алдағы жылдары үлкен жобалар жүзеге асырылмақ. Мәселен, өнеркәсіп саласында төрт ірі жоба іске асырылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 жылдары 10 медициналық мекеме бой көтереді. Бұл туралы аудан басшысы Руслан Кенжебеков өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлімдеді.

– Борлы кенішіндегі катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауытта



өткен жылы 70 адам жұмысқа орналастырылды. Биыл жобалық қуаттылығы толық жүзеге асқанда 150 жұмыс орны құрылады. Сондай-ақ, таяу жылдары өнеркәсіп саласында 830-дан астам жұмыс орнын құра отырып, темір және түсті металдарды өңдеу, мыс штейн және молибден өндіру бойынша төрт ірі жобаны іске асыру жоспарлануда, – деді Руслан Кенжебеков.

Аталмыш жоба аясында Қызыларай ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт салынады деп күтілуде. Ал, Шұбартауда отбасылық емхана салу жоспарлануда. Одан қала берді, Шашубай кентіндегі кезекте тұрғандарға 100 пәтерлі тұрғын үйдің кілті табысталмақ. Бүгінгі таңда аталмыш үйді қалпына келтіру жұмыстары аяқталып қалған.

– Жалпы, ауданда тұрғын үй кезегінде барлығы 440 адам тұр. Осы мәселе бойынша ауданда тиісті жұмыстар жүргізілуде. Биыл Шашубайдағы үйге тиісті жұмыстарды аяқтап, осы жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, жеке инвесторлар арқылы Сарышаған мен Ақтоғайда кезекте тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз етпекшіміз, – деді аудан әкімі.

Сонымен қатар, «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы аясында өткен жылы Сарышаған кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталған болатын. Биыл сол кешен пайдалануға беріледі.

Шашубайда әмбебап спорт залы ашылмақ. Ал, залды ашу үшін «Қазақстан халқына» қорынан қаражат бөлінген. Сол секілді аталмыш қор аясында Ақтоғайдағы стадионды қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізілетін болады.

Ortalyq.kz сайтынан алынды

\* Денсаулық

## Вакцинация – елдің эпидемиологиялық әл-ауқатының негізі

Жұқпалы аурулармен күресте іске асырылатын медициналық іс-шаралардың ішінде жетекші орындардың бірі халықты вакцинациялауға берілген. Ол бүкіл әлемде инфекциялармен күресудің ең тиімді, үнемді және қолжетімді құралы ретінде танылды. Кез келген инфекцияға қарсы вакцинация шығындары осы ауруды емдеуге кететін шығындардан шамамен 10 есе аз екені белгілі. Иммунопрофилактика саласындағы мемлекеттік саясат алдын алуға, ал сырттан әкелінген жағдайда – жұқпалы ауруларды оқшаулауға және жоюға бағытталған. Қазақстанда вакцинация енгізілетін жұқпалы аурулардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Республикада вакцинация ауыр түрде, асқынулармен жүретін, өліммен аяқталатын, бірінші кезекте балаларға зақым келтіретін ауруларға қарсы жүргізіледі. Халықты вакцинациялау 20 жұқпалы

ауру: құтырма, іш сүзегі, көктемгі-жазғы кене энцефалиті, «В» вирустық гепатиті, b типті гемофильді инфекция, дифтерия, көкжөтел, қызылша, қызылша, полиомиелит, сіреспе, туберкулез, оба, эпидемиялық паротит, пневмококк инфекциясы, коронавирустық инфекция, «А» вирустық гепатиті, тұмау, сибір жарасы және туляремияға қарсы Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес тегін жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесі ДДҰ ұсынымдарына сәйкес келеді, көптеген дамыған елдердің (Австрия, Израиль, Бельгия, Германия, Түркия, Жапония және т.б.) иммундау кестелеріне ұқсас. Жыл сайын Қазақстан Республикасында инфекциялық ауруларға қарсы 5 млн. жуық адам, оның ішінде 1,3 млн. бала егіледі.

Гулнар Елеусизова,  
Ақтоғай ауылдық аналар кеңесінің төрайымы.

## Спартакиада өтті

Салауатты өмір сүрудің негізгі қағидасы – еш ауруға шалдықпай, аурудың алдын алу, денсаулықты нығайту, тұрақты түрде дене тәрбиесі жаттығуларымен шұғылдану. Таяуда Ақтоғай ауылында аудандық дене шынықтыру

ауыл спортшыларының спартакиадасында жеңіс тұғырынан көтерілуіне тілек білдірді.

– «Өркениет өріне құлаш ұрып отырған елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру басты мәселе. Әрбір



және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Қарлы қыс – 2024» аудандық спартакиадасы өтті.

Жарыс тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, қысқы спорт

қазақстандық, осындай спорттың бұқаралығын насихаттайтын жарыстарға қатысу арқылы өздерінің денсаулықтарын шынықтырулары қажет. Ауданымызда спорттың қай түрі болмасын жақсы дамуда.



түрлерін одан әрі дамыту және ауылдарда спорттық жұмыстарды белсенді түрде жүргізу мақсатында өткізіліп отыр. Сайысқа ауданға қарасты елді мекендерден барлығы 9 команда қатысты. Өткізілген ойын түрлері: шаңғы эстафетасы, коньки спорты, президенттік көпсайыс. Ауыл спортшылары өз дайындықтарының жоғары дәрежеде екендігін дәлелдеп, жақсы нәтижелерге қол жеткізді. «Қарлы қыс-2024» аудандық қысқы спартакиадасында қорытынды есеп бойынша Кежек ауылы командасы бірінші орынға, Ақтоғай ауылы екінші орынға, Жидебай ауылы үшінші орынға көтерілді. Төртінші орынды Шашубай кенті спортшылары иеленді.

Спартакиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне аудан әкімі Руслан Кенжебеков қатысып, облыстық

Аудандық турнирлерден шыңдалып-шыныққан жастарымыз облыстық, республикалық дүбірлі додаларда топ жарып, жақсы жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Барлық жүлдегерлерді жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймын, – деді жарысты түйіндеген Р.Кенжебеков бұқаралық спортты дамытуға үлес қосып жүрген спортшылармен бірқатар азаматтарға Алғыс хат табыстады.

Ауданымызда жыл өткен сайын қысқы спорт ойындарын дамыту үшін жағдай жасалып, жақсы қарқын алып келеді. Сонымен биылғы аудандық қысқы спорт турнирі де өз мәресіне жетіп, аудан намысын облыстық «Қарлы қыс» спартакиадасында қорғайтын команда анықталды.

Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі.

\*Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы», ақиық ақын Абзал Бөкен – 75 жаста

Абзал БӨКЕН – 75 жаста Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы», халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, қазақ поэзиясының белді өкілі Абзал Бөкен ағам жетпістің жуан ортасына келді бүгін. Ақынның қолыңызға түскен кез-келген жыр жинағын я болмаса мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген өлеңдер топтамасын парақтап шықсаңыз ұлттың ұлы мұраттарына деген адалдықты аңғарасыз. Намысын нанға сатпаған арлы ақын екеніне көзіңіз жете түседі. Осыдан үш-төрт жыл бұрын Абзекеннің «Қартаң күй» деген өлеңін оқыған қаламдас досы Жүрсін Ерман ағамыз «Шіркін, Абзал! Мен өмірінде осындай үш өлең жазсам шығармашылықтың шыңына шықтым деп, қаламымды мұражайға тапсырар едім» дегенін естігеніміз бар

еді. Талантты таланттың тануы, мықтыны мықтының мойындауы деген осы болса керек. Жалпы, Абзал ағамыз мұндай мұнаралы сөзді замандастарынан ғана емес, қазақ әдебиетінің корифейлерінен де молынан естіген ақын. Оған бола тоқмейілісіп, қаламын қаңтарып қойған ағамыз жоқ. Жазу столынан жырақтамай, өндіріп өлең жазып, шығармашылықтың шырауы биігіне көтерілді... Ақсақ Темір Үндістанға барған бір сапарында нөкерлерін шақырып алып: «Осы шаһарда талантымен елден асқан бір сазгер бар дегенді естігенім бар еді, табындар» деп әмір беріпті. Сәлден соң «Ол мына кісі» деп бір соқырды патшаның алдына алып келеді. Сазгердің өнеріне әбден ырза болған патша «Атың кім?» десе «Атым Мемлекет» депті өнерпаз.

«Мемлекет те соқыр бола ма екен?» дейді патша мысқылдап. Сонда сазгер жұлып алғандай «Мемлекет соқыр болмаса сен сияқты ақсақты жеріне кіргізбес еді ғой» деген екен... Сол айтқандай маған біздің іс басында жүрген кейбір азаматтардың да көздері көрмейтіндей көрінеді кейде. Олар көреген болса Абзекен сынды классик ақын мемлекеттік сыйлыққа баяғыда-ақ ұсынылып, баяғыда-ақ еншілеуі керек еді ғой... Өйткені Абзал ақынның әдеби мұрасы бұл атақтың алапатын асырмаса, бәсін түсірмейтініне біз кепіл! Туған күніңіз құтты болсын, АҚСАҚАЛ! Жұмыр жүрегіңіз жүзге дейін жыр деп соқсын.

Ильяс Мұқай,  
Ақын, Ақпарат саласының үздігі,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Ұсталықты соларша ұстана алмай жүргендерде болмақшы нұсқа қандай?!  
"Қыран кия" қырық жыл қанырап тұр,  
Жас Жүмекен тағы бір ұшаған ба-ай?!

Ол да мықты бүгінде,  
Мен де мықты.  
Қоя алмадық осындай пенделікті.  
Мықты болсақ мұзарттай қайран Мұқан  
серік таппай неге әлі сенделіп тұр?!

Өзінен де ағаның ығы мықты,  
Дер кезінде осыны кім ұғыпты?  
Бас жөнінен қап кеттік баурайында,  
Жас жөнінен көрсетіп ірілікті.

Қорымында кеш болса қалғып іңір,  
Қыр басында құмығып қалды дүбір.  
Жөнеп кетті ұлылар.  
Өзіне емес,  
өлеңіне дарытып мәңгі ғұмыр.



### ТАМШЫ-ҒҰМЫР

Жетпіс бес жыл, апыр-ай, жер басыппын,  
Жетемін, - деп несіне төрге асықтым.  
Аялы жоқ жасымды –  
Аяны жоқ аяғына жем түскен  
жорғаша ұқтым.

Келген іздің орынын кеткен із ап,  
Кемігенін ку көңіл кекпен ызад.  
Неткен қысқа ғұмыр ед бұл жетпіс  
бес,  
Бұл жетпіс бес ғұмыр ед неткен ұзақ?!

Жайлауында жұмысқа жегінді елдің  
енді канша көк қуып тебіндермін.  
Момын белдің боп жүріп момақаны,  
Нені ілгердім, білмеймін, нені үлгердім.

Жазғандарын жауһардай талап алған  
жақсылардан сарқылмас саба қалған.  
Мен жылдардың кеткенін білмей  
қалдым,  
Жылдарды емес, жырларды  
санағаннан.

Сары алтынның сандалтпай түсі мені,  
Санағаным жыл емес, ісім еді.  
Сыртым сырық болғанмен,  
Сыздап тұрған  
ішім сынық... оны кім түсінеді.

Жерден емес, жеті қат көктен із ап,  
Желіп кетер өмір де өтпелі зат.  
"Төрге өткендей есіктен" неткен  
қысқа,  
Өрге өткендей бесіктен неткен ұзақ?!

Әйткенмен, иіріп алшыны бір,  
Әсем күнге айтарым - салшы дүбір.  
Масайрап қал  
Мәңгілік мұхитына  
мөлт ететін бір күні, тамшы-ғұмыр!



### Бөтен

Жоғалтып алғандаймын өзімді мен,  
Секілді өзгенікі сөзім кілең.  
Көңілі қалмасын деп көлгір сөйлеп  
Жалғандық жөргегінде көз ілдірем.  
Ой – бөлек,  
Одан шыққан сезім бөлек  
екені екібастан сезілді ерек.  
Баяғы пәк қалпыма оралуға  
Өзіме бере алмадым өзім көмек.

# Тамшы – ғұмыр



Өрісте ем,  
Одан жеріп елге келдім,  
Періште ем,  
Төмен түсіп пенде болдым.  
Тәнім сау болғаныммен жаным сырқау,  
Келмейді жөнге көңгім,  
Емге көңгім.  
Бағзыда қысылушы ем қысылмасқа,  
Ал, бүгін қысылудан қысыр қасқа.  
Өзіме ұқсағанмен өзім түрім,  
Өзгерген ісім басқа,  
Ішім басқа.  
Биязы ем, мамықтайын майдалаған,  
Майдалық мекен тапты айдаладан.  
Түрпілер ортасына түскеннен соң  
Түгімді тікірейтпей қайда барам?!  
Өзгердім...  
Қомағайлау құлқымды ана  
жасамай көзжұмбайлық, жұртым,  
қара.

Басып ап болмысымды басқа біреу,  
Өзіме ұқсап тұрған сырттым ғана.  
Мен деген –  
Болмаған соң көпке бағам,  
Жерде емес, жасайын деп көкке қадам  
өрекіліп өзге өріске шығып кетіп,  
Өзіне орала алмай кеткен адам.



### Ағалар

Алпыс асып кеткенмін қалай ғана,  
Қарным аша қараймын шарайнаға.  
Отыз толмай дертке өтті  
Сұлтанмахмұт,  
Алпысты алмай морт кетті Абай дана.

Кеше кіші ем бәрінен..  
Мығым, епті,  
Мығымды уақыт үгіп өтті.  
Лермонтовтың «бала» боп жас  
жағынан,  
Пушкиннің де, міне, енді «іні» бопты.

Мұқағали бір жосық бастады ма,  
Ер Жүмекен мерт болды жас шағында.  
Жылдар жылжып,  
Жамсаған жампоздардан  
Шыға келдік үлкен боп қас-қағымда.

Аққан жұлдыз секілді арыстар-ай,  
Ақ ниетін айтпайтын нан ұстамай.  
Інілерді інірден қартайтқанша,  
Неге жүре тұрмадың алыстамай?!

Не тындырдық ұлының «ағасы» боп,  
Жаным жадау,  
Басымның бағасы жоқ.  
Жарасқанның алқынды ақ бұлағы,  
Жан-жағы жаз болғанмен, жағасы көк.

### Шыт көйлек

Ақын үшін өлең өзін, ән өзін,  
Ақын үшін сұлулықтың пәні өзін.  
Әсем екен үстіндегі көйлегің,  
Көйлегіңнен әсемдеусін және өзін.  
Орны бейне от тигендей күлбіреп,  
Оңғақ сезім тыймасаңыз – бүлдіред.  
Үстіндегі гүлдей көркем көйлекпен  
Өзін де бір тұрдың гүлдей үлбіреп.  
Жаркылдатып сезімдердің  
шақпағын,  
Жан дүниемде астаң-кестең жатты  
ағын.

Амалсыздан әйеліме, Мен сенің  
өзінді емес, көйлегіңді мақтадым:  
– Көйлегіңнің әсемін-ай, – дедім мен,  
Басқалардың бәсенін-ай, – дедім мен.  
Шет жұрттікі болар, бәлкім, Біздікі  
тікпеуші еді, бәсе, бұлай, – дедім мен.  
Жағасы мен жендерін-ай, – дедім мен,  
Белі менен белбеуін-ай, – дедім мен.  
Жел желпіген етегін-ай, Етегін  
әдіптеген шеңберін-ай, – дедім мен.  
Оттай жанған бояуын-ай, – дедім мен.  
Өртеуге таяуын-ай, – дедім мен.  
Модасын-ай, мұны тіккен шебердің  
Көңілінің ояуын-ай, – дедім мен.  
Серіңіздің соры ма, бұл бағы ма,  
Жоқ, әлдебір шатасатын шағы ма.  
Қасиетін әлгі ғажап көйлектің,  
Кескіндемек болып едім тағы да...  
Жарым айтты: – Көп мақтама  
шеберді,

Матасын да мақтай берме көп енді.  
Бұл дегенің шыт көйлек қой, Шыт  
көйлек,  
Соған өліп-өшетіндей не болды?!  
Қарсы келсем өрлемесін қалай дау,  
Көнген болдым. (Ол да соны  
қалайды-ау).  
О, сұлулық! Сені кейде жырлауға  
Сәндеп тіккен шыт көйлек те  
жарайды-ау!



\*Мерейжас иесі



*Біреуге спорт жай ғана ермек немесе белгілі бір жас аралығындағы кәсіп болып көрінер. Бірақ шын жән-тәнімен спортты сүйген жандардың жаны да сергек, бойы да сергек, ойы да жүйрік болады. Бұл істің куәсі болған адамдар аразамызда да көп. Расында спорттың нәтижесінде жетістікке жеткен жандардың бірі – ардагер спортшы, бар саналы ғұмырын салауатты өмір салтын насихаттауға, аудан спортын дамытуға арнап келе жатқан азамат Серікбол Токешов десек ешкімнің таласы жоқ шығар.*

# Еркін күрестің Құлагері

алдындағы азаматтық борышын адал атқарып келген соң, 1988 жылы ауданның жасөспірімдер спорт мектебінде аға жаттықтырушы болып жұмыс істейді. 1996 жылдан 2006 жылға дейін Ә.Бөкейхан атындағы орта мектебінде дене тәрбиесі пәні бірлестігінің жетекшісі болып жұмыс жасайды. 2006 жылдан бастап 2012 жылға дейін К.Байсейітова атындағы орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, 2015 жылға дейін аграрлық-техникалық колледжде спорт маманы болып еңбек етті. 2015 жылдан бастап балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы болып қызмет атқарып келеді.

Қазіргі таңда Серікбол Токешов басшылық жасайтын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 736 жасөспірім спорттың 8 түрімен шұғылданады. Әсіресе, ауданның тоғызқмалақшы қыздары соңғы жылдар бедерінде облыс асып, республикалық жарыстардан олжалы оралып жүр. Қ.Омаров сынды жаттықтырушы баптаған жасөспірім қыздарымыз бірнеше рет республика чемпионы атанып келгенін газетімізде тұрақты түрде жариялап отырдық. Бокс, дзюдо, қазақ күресі, кіші футбол спорты да осы мектептің қабырғасынан ашылып, Қ.Қынаят, А.Қомар, Ж.Қожжеев, Б.Хуанған, А.Қозы сынды білікті бапкерлердің баптаған спортшылары

Аудан мен облыс басшыларының тарапынан алған марапаттар өз алдына бір төбе.

Адами болмысы мен кісілік келбетін көпшілікке танытқан Серікбол Нұрманұлы отбасы берекесінің ұйытқысы болған ардақты әке. «Еркек – үйдің егесі, әйел үйдің – шегесі» дегендей, осындай абзал азамат, нар тұлғаның шаңырағының сәні мен мәнін кіргізген өзіне лайықты асыл жары бола білген, аяулы ана, Әлия апай әйелдің сұлтаны деуге лайық. Дана халқымыз «адам өмірде екі таңдауда жаңылысуға болмайды» деген екен. Бірі – мамандық таңдауда, екіншісі – жар таңдауда. Серікбол аға осы екі таңдаудан да адасқан жоқ. Таңдаған мамандығы өміріне азық болса, Әлия апай өмірлік темірқазығы бола білді. Білімді де, білікті екі жас құрған одақ берекелі отбасына айналды. Екеуі тату-тәтті береке-бірлікте өмір кешуде. Айдос, Айнара атты балалары дүниеге келді. Қыздарын қияға, ұлдарын ұяға қондырып, немере, жиен сүйіп отыр. Өзінен өрбіген балалары туған өлкесінің іргетасын бекемдей түсу жолында түрлі салада белсенді еңбекке араласып, қызмет етуде. Абыройлы еңбек еткен, өнегелі ісі көпке үлгі болып, кейінгі жастарға тәрбиелі із көрсетіп, жерлестеріне абыройлы ардақты Серікбол Токешов ауданға ғана емес, аймаққа аты танымал азамат десек артық айтқандығымыз емес.

– Кеше ғана доп теуіп жүрген жігіт едік, енді бүгін 60 жасқа келіп отырмыз. Зымырап өтіп бара жатқан уақыт. Қаншама жаны жайсаң азаматтармен әріптес болдық. Ә.Молдағұлова атындағы спорт мектебінде ақтоғайлық спорт шеберлігіне үміткер Серікбол Сүлейімбеков, спорт шеберлері Жұмабай Жандығұлов, Әбіш Балжігітовтермен бірге оқып, бітірдім. Спортпен айналысқанның бәрі бауыр болып кетеді. Сондай-ақ, аталмыш спорт мектебінің алғашқы түлектері, аудан спортының ардагерлері Берік Сүлейімбеков, Саят Ыбышев сынды ағаларымызға қарап бой түзедік. Содан кейін тағы да бір бөле-жара айтатын азамат аталған білім ұясының түлегі Мұрат Қасымов еді. 80-ші жылдардан бері жұбымыз жазылмай бірге келдік. Ол ауданның спорт тарихында өзінің атын қалдырып кеткен азамат. Мемлекетіміз қазіргі уақытта спортпен айналысуға барлық жағдайды жасап отыр. Ауданда спорттың барлық түрімен шұғылдануға болады. Тәні саудың – жаны сау болатынын бәріміз де ұмытпауымыз керек, – дейді С.Токешов.

Нар тұлғалы азаматтың алар асулары мен бағындырар белестері әлі алда деп білеміз. Алдағы уақытта да Ақтоғайдың айбынды ұл-қыздарын баптап шығара беретініне сеніміміз көміл. 60 жастың асқарына шығып, абырой биігінен қарап отырған Серікбол Нұрманұлына қажымас қайрат, отбасына амандық тілейміз.

Аңкылдаған ақ көңілімен, дархан пейілімен қалың көпшіліктің құрметіне бөленіп жүрген спорт саңлағы 60 жастың асуын бағындырды. Төлеген акынның «Бұл қазақта жігіттер бар нарқасқа, Жарқылдаған алмас па...» – деп келетін жыр жолдары дәл осындай атпал азаматтарға қарата айтылған сияқты. Ағалық жасқа абырой-беделімен жеткен жоғары санатты ұстаз Серікбол Нұрманұлын бүгінгі мақаламызға арқау еттік.

Ол 1964 жылы 15 ақпанда Ақтоғай ауданы, Қоңырат совхозында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі Нұрман ауданға есімі белгілі, үлгілі шопан атанған. Ол кісі кіндігінен өрбіген ұл-қыздарын табандылыққа баулып, маңдай терімен адал нанын тауып жеуге тәрбиелеп өсірген жан. Өмірден көргені мен түйгені мол ақсақал балаларының жастайынан білім алуын, еліне қызмет ететін азамат болып қалыптасуын қалады. Олай дейтініміз Нұрманның шаңырағынан 4 ұл Ә.Молдағұлова атындағы спорт мектебінде оқып, оның екеуі спорт шеберлігіне үміткер, біреуі спорт шебері атанды.

Серікбол 1971 жылы Қарақой бастауыш мектебіне 1 сыныпқа қабылданады. 2 сыныптан бастап аудан басындағы М.Горький атындағы қазақ орта мектебінде оқиды. Балдырған шағынан Тоқырауынның құмында асыр салып, ат құлағында ойнап, қым-қуыт тірлігі бітпес ауылдың қара жұмысына жасынан төселіп, шымырлана өскен Серікбол бала күнінен спортқа жақын болды. Баласының спортқа деген қабілетін байқаған Нұрман ақсақал 7 сыныпты бітірісімен оны Қарағанды қаласындағы Ә.Молдағұлова атындағы спорт мектебіне еркін күрес класына оқуға береді. Әке түйсігі алдамапты. Спорт интернатының қатал тәртібімен болаттай қатып, бапкерлерінің жас жеткіншектің жаттығу барысында жүктеген темірдей талабымен шарболаттай шындалған кейіпкеріміз мектепті бітірерде ер-

кін күрестен спорт шеберлігіне кандидат дәрежесін қорғап шықты. Спорт десе ішер асын жерге қоятын албырт жастың денсаулығы сыр бер-мегенде әлем чемпионатында топ жарар ма еді бәлкім?! Осы тұста спорт шеберлігіне үміткер дәрежесін алу таңсық болып па деген сұрақ туындауы заңдылық. Көзіміз көріп жүргендей бүгінде жастарымыз елдік мәреде



спорт шеберлігіне үміткер дәрежесін қорғап келіп жатыр. Ал, Кеңес үкіметі тұсында он бес одақтас республикадан жиналған спортшылардың арасында сынға түсіп, ел мерейін үстем ету мыңнан тұлпар шыққан саңылақтың ғана қолынан келетіні анық. Ол кезінде спорт шебері атану үшін Әлем чемпионатынан үздік шығуы тиіс. Ауыл баласының одақтық додада топ жаруы өрине үлкен жетістік.

1981 жылы С.Токешов Қарағанды қаласындағы пединституттың дене тәрбиесі факультетіне оқуға қабылданады. Оқу орынын 1985 жылы ойдағыдай аяқтап, сол жылы ауылмыздағы М.Горький атындағы қазақ орта мектебіне дене тәрбиесі пәні мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 1986-1987 жылдары Отан

аз уақыттың ішінде республика чемпионы атанып үлгерді. Қазақтың ұлттық ойындарының бірі асық ату спорты да осы мектептің құрамында. Алғашқыда таңсық көрінген бұл спорт түрін де жерлестеріміз тез арада меңгеріп, облыста алдыңғы орынды ешкімге бермей келеді. Олардан бөлек волейбол ойынында ақтоғайлықтар үздік нәтижемен оралып жүргені белгілі. Бір айта кетерлігі «Тұлпарды тайынан танып» спортқа баулыған бапкерлердің 34 шәкірті спорт шеберлігіне үміткер атанған. Бұл жетістіктің барлығы да мектеп басшысының ұтымды ұйымдастырушылығының арқасы болса керек.

Салауатты өмір салтын ұстанудағы төгілген терлер текке кеткен жоқ.

Думан ҚАБЫЛ.

\*2 ақпан – Ұлттық басылым күні

## «Қазақ» газеті – ұлт рухының айғағы

Сонау 1913 жылы, 2 ақпан күні еліміздің бспасөз саласының бастауында тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі жарық көрді. Халқымыздың біртуар перзенттері – Алаш арыстары шығарған бұл басылым сындарлы сөттерде ұлтты ұйыстыруға айрықша ықпал етті.

Басылымның «Қазақ» аталуында екі түрлі мағына барлығы аңғарылады. Біріншіден, газет жалпыұлттық



газет болғандықтан, мақсаты жері бөлшектеніп, елі бытырап жүрген қазақ халқын топтастырып, бір ортаға біріктіру болғандықтан да ұлт атын иемденіп «Қазақ» аталды. Екіншіден, кітәби, әдеби, ғылыми айналымда қазақ атының өз аты аталмай, қырғыз аталып келгендігі белгілі, сондықтан, туған халқының төл атын қайта оралту мақсатында, қазақ зиялылары өз баспасөзін осылай атауды мақұл көрген. Ахмет Байтұрсынұвтың бұл жайында: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық» - дейді. Осыдан аңғаратынымыздай, ұлт зиялалары газетті шығаруда ұлттың мүддесін басты орынға қойды. Бұл азаттық қозғалыстың ХХ ғасырдағы өркениетті түрі болатын.

Оның редакторы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы болса, Ақаңның сенімді серігі тағы бір Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы басылымның өкілетті өкілі болды. Ал «Алаш» партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханов пен басқа да ұлт зиялылары газеттің тұрақты авторлары болып мақала жазып тұрды. «Қазақ» газетінің жарыққа шыққан 2 ақпанды – Ұлттық басылым күні деп бекіту де тегін емес. Себебі, қазақ елі тәуелсіздігінің басында Алаш арыстары, «Қазақ» газеті тұр. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялылары азаттық жолында басын үлкен қатерге тігіп, патшаның қуғын-сүргінінен қаймықпай «Қазақ» газеті арқылы ұлтымыздың санасын отарсыздандыру, ұлттық мемлекет құру, азат ел болу деген ұлы мұрат жолында бірігіп, өмірін осы күреске арнады. Соның жолында құрбан болды

Қорыта айтқанда сын сағатта туып, Алаш автономиясының үніне айналған «Қазақ» газеті халық алдындағы өз миссиясын орындады. Біріншіден, сол кездегі қазақ халқының ұлттық мұң-мүддесінің, теңдік пен бостандыққа ұмтылған күресінің, тарихы мен мәдениетінің, күнделікті тұрмыс-тіршілігінің айнасы болды. Екіншіден, ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамының шамшырағына айналған, еуропалық үлгідегі ұлттық-демократиялық мемлекеттік құрылымның үлгісін көрсеткен Алашорда үкіметінің саяси ұнқағазына айналды. Үшіншіден, қазақ тіліндегі кәсіби газет стилін қалыптастырып кетті.

«Қазақ» газетінің өзі 1913 – 1918 жылдар аралығында әуелі аптасына бір рет, кейін жетісіне екі рет шыққан. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген. Газет сол кездегі қазақтың мезенаты Мұстафа Оразайұлы мен басқа да жанашыр азаматтардың көмегімен «Азамат» серіктестігінде басылды.

Ғаламтордан алынды.

Аудандық газет өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасына дейін өзімізде, газет жанындағы баспаханада басылып келгені мәлім. Шағын баспахана болғанмен, аудандағы іргелі өндіріс орындарының бірі болды. Газет басатын, аудан көлеміндегі барлық мекеме-ұжымдардың тапсырысы бойынша бланкалық өнімдер шығаратын, кейінде тойларға шақыру қағаздарын дайындап беріп жүрді. Әйтеуір неше түрлі бланкілер

## Баспа ісінің майталманы

тау-тау болып, үйіліп, баспаханада қайнаған қызу еңбек толас-тамайтын.

Мұндай қат-қабат жұмыстар әрине баспаханадағы еңбек ететін жұмысшылардың шапшаңдығы, сауаттылығы, жұмысқа жауапкершілігінің жоғарылығынан жүріп жатады. Баспаханаға бөгде адамдар сырттан кіргізілмейді, түпкі бөлмелердегі әріп құятын станоктар, металдар көздің қарашығындай сақталып, ол жақтарға тіпті бір баспананың астында отырған редакция қызметкерлерінің өзі кіруге рұқсат жоқ.

Біздің баратын жеріміз әріп теруші қыздар Сымбат, Аманкүл маркүмдар, Зәмзә, Фарид, бет жасаушы Қарлыға, Бақыт, Жамал төтелер жұмыс жасайтын бөлмелер ғана.

Шағын баспаханада жұмыс істейтін адамдар да аз емес. Көбіне баспаханадағы әріп теретін линотип машинасына үйретуші етіп қыздарды алып жатады. Одан соң бланкілер жасаушы адамдар көп. Олардың бәрін алғашқы уақытта сынақ мерзімімен алады, кейінде кәдімгі баспахана жұмыскері болып тәжірибе жинайды. Солардың бәрін мен жұмысқа келген жылдары Шахина Рая маркүм, Қарлыға, Бақыт төтелер үйретіп жататын. Баспахана меңгерушісі Қабдықаримов Боранқұл, наладчик Мөңгел, газет басушы Әміртай Спанбетов сынды ер-азаматтардың да жұмыстары жауапты.

Жамал Мұқашбекова төтемсізбен сол 1982 жылы оқу бітіріп келгеннен таныспын, мекемеде жақсы сыйлап жүретін апаларымыздың бірі. Әлі күнге «тәтелеп», кездескенде арқа-жарқа болып жатамыз. Өте биязы, бір адаммен дауыс көтеріп, сөзге келмеген, қашан көрсен біртоға, жұмсақ жымып қана жүргені. Үмітай маркүмның қойып алған аты бар «Жақсы Жәкен» деп. Жұмысқа деген жауапкершілігі, еңбекқорлығы туралы айтсақ, ол бөлек әңгіме. Қарбаласы көп, сұраныс берілген бланк өнімдерінің сапалы, сауатты басылуы басты мәселе болып тұратын баспахана жұмысының ыстығы мен суығына төзіп, артық әңгімеде шаруасы жоқ, санасуды білмейтін қара нардай қажырлы жан. Бет жасаушы Қарлыға мен Бақыт төтелердің де орнын алмастыра салатын осы Жамал төте болатын.

Сонау 1949 жылы көкше көл Балқаштың жағалауында дүниеге келген Жамал Мұқашбекова Қоңырат руднигінде 10 сыныпты бітірген. Балқаштың рембазасында токарь станогында жұмысшы болып еңбек жолын бастапты. Кеңес Одағының ұмытылмайтын үрдістерінің бірі, сол кездегі әр ауданның кеңшар, бөлімшелеріне жазғы маусымдық жұмыстар (олардың түрі көп болатын, қой қырку, мал төлдету, шөп шабу, қыстақтар салу, т.б.) кезінде жақын қалалардағы өндіріс орындарынан адамдарды көмекке жібереді. Сондай лектің бірімен Жамал төте де «Қаратал» кеңшарының Қуаныш бөлімшесіне 1966 жылы

келеді. Осы ауылда жұбайы Жақыпбеков Серікбай ағамызбен дәм-тұзы жарасып, шаңыраққа келін болып түскен екен. Кеңшарда мал бағып, оның ыстық-суығын көріп, біраз жылдан соң, яғни 1980 жылы аудан орталығы Ақтоғайға көшіп келеді. Әуелгі кезде екі жылдай аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесінде еңбек етіп, 1982 жылы сол кездегі «Арқа еңбеккері» газетіне тазалықшы болып ауысады. Бір жылдан соң баспаханаға зақаз жасаушы болып орналасады.



– Бір жылдай тазалықшы болып жүрдім де, көзім баспаханадағы жұмыстарға да қанықты. Сондықтан онда еңбек ету аса қиындыққа түскен жоқ. Әрине баспа жұмысының да өзіне тән ауыртпалықтары аз емес. Линотип машинасында құйылған темір әріптер бір бланка өнімі, оны темір подностарға салып, бет жасайтын цехқа тасимыз. Зілмауырдай салмағы бар, оңай емес. Одан шұқшынып отырып, жасап шығамыз. Одан соң жасалған бланканы станокта басамыз. Қатесін тексертіп, өрнегі, сызығы болса, соларды салып, қайыра бастырамыз. Осындай бірнеше жұмыс түрлерінен өтіп барып, дайын өнім жасалады. Қыс айында қолды қаритын суық

темірмен жұмыс істеуге де шыдам керек. Арасында тоңып қалған қолымызды батарея, пешке жылытып алып, қайыра сол жұмыстарымызды атқарамыз. Біздің сол еңбектеріміз нағыз төзімділікті қажет ететін жұмыстар болды- дейді Жамал төте.

Иә, сол жылдардағы баспахана жұмысын тұтынбаған мекемелер ауданда кемде кем еді. Аудандық партия, Совет органдарының түрлі құттықтау хаттары, аудандық білім бөлімінің бет-плакаттары, басқа да өнімдер осы баспаханадан дайындалды. Бұрыннан істеп келе жатқан Қарлыға Жұмабаева, Бақыт Бәкіровалармен әріптес, сырлас құрбы бола жүріп, баспа ісінің майталманы атанды. Бірте-бірте өзі де Алмагүл Нөкербекова, Зәмзәгүл Аюпова, Фарид Кенжеғарина, т.б. жастарды үйретті. Тәлімгер болды, еңбекте де бағы жанып, еңбек екпіндісі атанды, құттықтау, Алғыс хаттармен марапатталып, әріптестерінің құрметіне бөленді. Сөйтіп баспаханада 1994 жылға дейін жұмыс істеді.

Жамал төте еңбек етіп, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласа жүріп, отбасының да мерейін үстем ете білді. Серікбай аға аудан орталығында әуелі АТП-да еңбек етсе, кейінде халық банкінде ұзақ жыл күзетші болып, осы мекемеден сый-құрметпен зейнет демалысына шықты. Ордалы шаңырақта 9 баланы дүниеге әкеліп, олардың бәрін өз қалауы бойынша білім алып, қызмет етулеріне жағдай жасады. Бүгінде 6 баласы бір-бір шаңырақ болып, Жезқазған жерінде тұрып жатса, Жанаты Шабанбай ауылында тұрады, ол да балалы-шағалы, медбике болып жұмыс істеуде. Салтанаты да Ақтоғайда, үйлі-баранды. Ата-ана шаңырағында кенжесі Олжас не болып отыр, ол да аудандық халық банкінде маман. Секең мен Жәмкең болса жан-жақтағы балаларының қызығы мен қуанышын қызықтап, әрқайсының отбасында қонақтап қайтады. Немере мен шөберенің балдай тәтті қылығы да оларды масайратып отыр. Аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде мәрдей болып қолының ізі қалған Жәмкенге ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт тілейміз.

Сәбила Нұржанова,  
ардагер журналист,  
ҚР Ақпарат саласының үздігі.

\*Қазақ археологиясының атасы Әлкей Хаханұлы Марғұланның туғанына 120 жыл



кен қос ғұламаның жәй таныстығы достыққа ұласып, ұлттық ғылымның дамуына бірге ат салысты. Екеуінің ең алғашқы кездесуінде Мұхтар Әлкейден Абайдың өлеңдерін, Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларын, «Көрігұлы» жырын жатқа айтып беруін өтінеді. Мұның өзі атақты қаламгердің жап-жас жігіттің ғылымға деген сүйіспеншілігін ауғаруынан болса керек. Әсіресе, 1922-25 жылдары Мұхтар мен Әлкей етене араласып, жиі келелі кеңес құрған. Тіпті, Әуезов 1925 жылы Әлкей Марғұланға өзімен бірге Ленинградқа барып жоғары білім алуға үгіттеп, ғалым болудың жолына түсуге шақырады.

Ол кезде Ленинград өнер мен ғылымның шаһары еді. Білімге құштар жастар әйгілі профессор, академиктердің дәрістерін тындау үшін шартараптан осы қалаға жиылатын. Әлкей Марғұланның да салқар ғылымға

оны Петропавл бекінісінде оқшаулап ұстайды. Ақырында, жүйке аурулар ауруханасынан бір-ақ шығады. Ауруханадан өрең дегенде аман шыққан археолог туған елге жаны да, тәні де күйреп оралады.

Ұлтының тарихына терең үнілгісі келген Әлкей Марғұлан 3 жыл қамауда болды. Оның біраз уақытын жүйке аурулары ауруханасында өткізді. Мұндайда оған жындынып кетпеудің жалғыз жолы – әдемі естеріктер болатын. Әлкей Баянауылды, әке-шешесін еске алды.

Сүйген жары, Мұхтар Әуезов пен Мағжан Жұмабаев сияқты үзегілес достары бар ғалымды алда жақсылық пен жаналыққа толы өмір күтіп тұр еді. Петропавл бекінісінде қамауда отырған Әлкей мақсатқа жету тәсілін өзгерту керек деп шешті. Оның басынан небір қиын күндер өтті. Қуғын-сүргінге де ұшырады, ал ол туралы сыни мақалалар

жаңсақ пікірін жоққа шығарды.

Әлкей Марғұланның Беғазы-Дәндібай сынды ірі өркениет ошағын ашуы Қазақстан үшін ғана емес, басқа да бірқатар елдер үшін айрықша маңызды жаңалық. Оның жетекшілігімен 30 жылға жуық уақытқа созылған археологиялық қазба жұмыстары қола дәуірі мен ежелгі көшпелі тайпалар кезіндегі ескерткіштер табылды. Бұл зерттеулер номадизм және Қазақстандағы ежелгі қоныстардағы шаруашылық пен мәдениеттің даму процесіне қатысты бірқатар негізгі теорияларды қайта қарауға бастама болды. Осы зерттеулердің арқасында Андронов қоғамының арғы тегі сақтар мәдени қауымы екендігі жалпы көпшілік мойындаған ақиқатқа айналды. Бұл еңбек ғылыми қауымдастыққа түркі әлемінің адамзат өткеніндегі ежелгі орталық екенін және оның негізінде тау-кен ісі мен металлургия жатқанын дәлелдеді. Осы

# Дала данышпаны – Әлкей Марғұлан

Белгілі әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы Әлкей Марғұлан бар ғұмырын ғылым жолына арнаған тұлға. Түгі жоқ тақыр жерден жаңа ғылымның іргетасын қалаған ерен еңбектің иесін достары жай ғана Әлкей деп атайтын. Ал қазақ оны Әлкей деп таныды.

Әлкей Марғұлан Алаш даласында аумалы-төкпелі заман орнап, қазақ ғылымына тұсау салынған кезеңде, 1904 жылы 11 мамырда Павлодар облысындағы Баянауыл өлкесінде дүниеге келген. Болашақ археологтың ата-анасы да осал адамдар болмаған. Олар білімді, Шығыс мәдениетімен таныс адамдар болған. Соның арқасында ата-анасы бала Әлкейдің өсуіне, оқып-білім алуына, рухани дамуына жәрдем берді.

Археолог әйгілі Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай батырлармен бірге Абылай ханның ақ туы астында жоңғарлармен кескілескен ұрысқа қатысқан Олжабай батырдың тікелей ұрпағы. Ол өнерге жақын отбасында дүниеге келді. Сондықтан да Әлкей Марғұлан шығармашылық ортада тәрбиеленді.

Әлкей кішкентайынан зерек болып өсті. Жасынан хат таныған қаршадай бала кезде сұраған жұртқа «Мұңлық-Зарлық», «Алпамыс», «Қобыланды» секілді дастандарды жатқа айтып беретін болған. Ал ұлының алғырлығын байқаған әке оған «Қазан» баспасынан шыққан кітаптарды, «Айқап» журналындағы мақалаларды оқып беретін. Кейін жанынан бір елі тастамай Жәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов секілді тау тұлғалардың тәрбиесінен өткізеді. Міне, сол кезеңде Әлкейдің ғалымдық, қайраткерлік қасиеттері қалыптасты.

1921 жылы ол Семей педагогикалық техникумына оқуға түседі. Әлкей Семейде оқып жүргенде Әбіке Сәтпаевтың қызы Раушанмен танысады. Білімді, қазақты қанына сіңген қатерлі дерттен қайтсем күтқарам деп шарқ ұрған бойжеткенді Әлкей бірден ұнатады. Әлкей Марғұлан мен Раушан Сәтпаева өмір бойы ақ адал қалыптарынан танбай абыройлы ғұмыр кешті.

Қиналған сәтінде жанына демеу болатын, керек кезінде ақылын айтып, ғылымның сүрлеуіне жол сілтейтін жандар Әлкей Марғұланның ғұмырында аз болмаған. Оның үлкен ғалым болуына септескен тұлғалардың бірі Мұхтар Әуезов. Қазақ мандайына біт-

қадамы осы қаладан басталды. Ол 1925 жылы Мұхтар Әуезовтың кеңесімен Ленинград университеті жанындағы шығыс институтының әдебиет бөліміне оқуға түседі. Қосымша өнер тарихи институтында оқып, Ленинград университетіндегі Азия құрлығы мен шығысты жетік білетін Бартольд, Олденбург, Мар, Студеннің лекцияларын тындайды. Ел Голощекиннің «Кіші қазан төңкерісі мен асыра сілтеуінен» есенгіреп жатқанда, Әлкей Мұхтар Әуезовпен бірге Ленинградта оқып жүрді. Қазақтың қара домалақ жігіттері оқи жүріп, қаладағы мәдениет, білім орындарына, бай кітапханаларға, көркем мұражайларға, архивтерге бас сұғып, білімнің ең бір тұнық бастауынан сусындайды.

Алғашқы тарихи жазбаларды зерттеп, зерделеген Әлкей алыстағы Ленинградта жүргенде-ақ ұлы даланың құпияға толы қойнауы оны өзіне тарта берді. Ленинградта оқыған жылдары Әлкей әдебиетке ерекше ден қояды. Атап айтқанда, орыстың және шетелдің ең озық әдеби шығармаларын аударып, қазақ оқырмандарына ұсынды.

Әлкей Марғұлан Ленинградта оқып жүрген кезде қазақтың халық әндерін жинаушы Александр Затаевичпен танысады. Демалыс кезінде Затаевичпен бірге туған өлкеге келіп, халық әндерін жазып алумен айналысады. Аспирантурада оқып жүріп, бірқатар археологиялық экспедицияларға қатысады. Қазақтың салт-дәстүрі, музыкасы мен фольклоры, жер-су атаулары туралы мақалалары мерзімді басылымдарда үзбей жарияланып тұрды. Қазақстанның аса көрнекті қайраткерлері туралы зерттеу мақалаларын да жазды. Ленинградтағы КСРО ғылым академиясының материалдық мәдениет тарихи институтына ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналасады. Бұл үмітке толы аса бір бақытты кезең болатын. Әлкей Марғұлан орыстың танымал тарихшыларымен, археологтармен қоян-қолтық жұмыс істей жүріп, үлкен тәжірибе жинайды.

Бірақ, 1934 жыл оның өмірінің астанкестенін шығарады. Сталиндік қызыл қырғын басталған кезде Қазақстанның бір түкпірінен келген, болашағынан мол үміт күттіретін жас ғалымның өз ұлтының тарихына ерекше ден қоюы назардан тыс қалмады. Әйгілі Алашорда қайраткері Әлихан Бөкейхановпен таныстығы да сыныққа сылтау болды. Осылайша, Әлкей Марғұлан алдымен қамауға алынады. Сосын

шықты. Қазақстанның өзінде «ұлтшыл Марғұлан тарихты бұрмалауда» деп жазған ғалымдар болды.

Ол 40 жасында аса күрделі тақырып Едіге, Қозы Көрпеш, Қобыланды батыр жырлары негізінде қазақтардың аңыз-әфсанары мен фольклорынан докторлық диссертация қорғады. Осылайша, ол ауыз әдебиеті арқылы тараған осынау аса көрнекті шығармалардың жүздеген жылдар бұрынғы Алтын Орда, Қараханидтер дәуірімен тарихи байланысын аша білді.

Әлкей Марғұлан Қазақстан тарихы мен қазақ халқына қатысты дәйектерін ашық айтатын болса, қуғын-сүргіннен құтыла алмасын жақсы түсінді. Болашақ ұрпаққа бос сөзден гөрі нақты іс маңызды екенін ұқты. Және сол жолда талмай еңбек етті. Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, еліміздің бүкіл материалдық құндылықтарын жарыққа шығарып, бабадан қалған асыл мұраны жаңғыртты. Археолог кейде экспедицияларда жарты жылдап жүретін.

Көп ұзамай Әлкей Марғұланның бастамасымен қазақ даласының әр түкпіріне бірнеше археологиялы және этнографиялы экспедиция ұйымдастырылды. Ғалым керуен жолымен және көшпелі қазақтардың ізімен мындаған шақырымдар жол жүріп, ондаған археологиялық ескерткіштер тапты. Ол біздің эрамызға дейінгі екі мыңжылдықтың өзінде Қазақстан аумағында өте жоғары деңгейде дамыған өркениеттің болғанын тайға таңба басқандай дәлелдеп берді.

Оңтүстік Қазақстан өңірінен, Сырдария, Талас және Шу өзендерінің сағасынан ежелгі қалалық мәдениеттің іздерін тапқан да Әлкей Марғұлан болатын. Ол Отырар, Тараз, Сайрам, Сығанак, Сарайшық қалаларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыстарымен ғана айналысып қоймай, қазақтың жыр-дастандары мен аңыз-әфсаналарын жинады. Бұл зерттеулерінің нәтижесі 1950 жылы жарыққа шыққан «Ежелгі Қазақстандағы қалалар тарихы мен сәулет өнері» деп аталатын монографияда көрініс тапты. Ғылыми еңбекте алғаш рет ірі қалалық өркениет ошақтары жан-жақты суреттеліп, оларға қатысты терең талдау жасалды. Сонымен бірге, ғалым мұндай өркениет ошақтары Қазақстанның Солтүсігі мен Шығысында да болуы мүмкін деген болжам жасады. Осылай, Әлкей Марғұлан өзіне дейінгі зерттеушілердің қазақ даласында ешқандай өркениет болмаған деген

жұмыстарының негізінде бірнеше іргелі монографиялар жазылып, Қазақ КСР-нің тарихы атты бес томдық жарыққа шықты.

Қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениетінің табылуы тағы бір тарихи жаңалықтың ашылуына септігін тигізді. Ғұлама ғалым Сарыарқа жерінде сол ерте дәуірдің өзінде-ақ тау-кені ісі мен металлургия дамығанын айтып, осы өңірде мыс және қалайы кен орындарының жұмыс істегенін дәлелдеп берді.

Ол аса мейірімді жұмсақ адам болатын. Тек ғылым мәселесіне келгенде тым қатал еді. Ол негізінен үш бағытта жұмыс істеді. Экспедиция, экспедиция-дан жинаған материалдармен жұмыс және тарихи деректер. Мұрағат материалдарымен жұмыс істейтін. Сондай-ақ, эпостық жырлармен айналысты. Беғазы мәдениетіне де көп уақытын арнады. Шоқан Уәлихановты да, сәулет өнерін зерттеді.

Қазақстанның археология және этнография мектебінің негізін қалаушы Әлкей Марғұлан үлкен энциклопедист ғалым болатын. Ол ғылыми саладағы идеологиялық сарпыншақтарды жойып, тарихи шындықтың бетін ашты. Әлкей Марғұлан қазақстандық ғылымның көптеген саласындағы алғашқы қарлығашы еді. Ол археология, мәдениет және қолданбалы өнер тарихы, сәулет өнер, этнография, қазақ тіл ғылымы саласында бірқатар іргелі еңбектер жазды. Әрқайсысы атан түйе жүк боларлық ауқымды мәселелерді қатар алып зерттеген ғалымның мұрасы әлі талай ұрпаққа қызмет етері сөзсіз.

Оның еңбектері бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Ол Қазақстан аумағында өмір сүрген халықтар қазақтар мен олардың ата-бабаларының кейінгі ұрпаққа қалдырған баға жетпес өркениетін, жолын айқындап берді.

Әлкей Марғұлан қасақана бұрмаланып келген тарихи шындықтың бетпердесін ашты. Ғалымның еңбектерінде бұрынғы қазақтардың арғы бабаларының яғни, көшпелі қазақтардың жері адамзат өркениетінің ежелгі орталығы ретінде сипатталды. Қазақ даласының сұлулығы мен ежелгі қалалардың кереметіне Марғұлан әрдайым бас иіп, үлкен ілтипатпен қарады. Әлкей Марғұлан тарихи шындықтың бетін ашып, сара жол салған ғалым.

Деректер STAN.KZ сайтынан алынды.

### Хабарландыру

"Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірыңғай экологиялық порталда (ecoportal.kz) "жария талқылаулар" бөлімінде 25 116 га алаңдағы "Ақтоғай орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылық" КММ Қызыларай орманшылығының базасында "мемлекеттік өңірлік табиғи парк құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі" жобасы бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы" КММ Ақтоғай ауылы, Сәтбаев көшесі, 16 және 2024 жылғы "14" ақпаннан бастап 2024 жылғы "14" наурызға дейін 20 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

Бастамашысы: "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтоғай ауылы, Сәтбаев көшесі, 16, тел. 8 (71037) 2 12 10, e-mail: aktogai.les@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: "Kazakhstan Ecology Development" ЖШС, Алматы қ., Мәметова к-сі, 76, ҚҚ. 100, Тел. +7 (727) 278 01 79. e-mail: ked-com@mail.ru.

### Объявление

Объявление Коммунальное государственное учреждение «Актогайское хозяйство по охране лесов и животного мира» управления природных ресурсов и регулирования природопользования сообщает, что на Едином экологическом портале (ecoportal.kz) в разделе «Публичные обсуждения» будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Естественно-научное обоснования создания Государственного регионального природного парка на базе Кызыларайского лесничества КГУ «Актогайское хозяйство по охране лесов и животного мира» на площади 25 116 га. С пакетом проектной документации можно ознакомиться в здании КГУ «Актогайское хозяйство по охране лесов и животного мира» Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области по адресу с. Актогай, ул. Сатпаева, 16, и на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений с «14» февраля 2024 года по «14» марта 2024 года в течение 20 рабочих дней.

Инициатор: Коммунальное государственное учреждение «Актогайское хозяйство по охране лесов и животного мира» Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области с. Актогай, ул. Сатпаева, 16, тел. 8 (71037) 2 12 10, e-mail: aktogai.les@mail.ru.

Разработчик проектной документации: ТОО «Kazakhstan Ecology Development», г. Алматы, ул. Маметовой, 76, оф. 100, тел. +7(727) 278 01 79. e-mail: ked-com@mail.ru.

### Жаркынбаев Серік Байғожаұлы



Ардагер ұстаз, құрметті әріптесіміз өзінің барлық саналы ғұмырын білім саласына арнаған Жаркынбаев Серік Байғожаұлы 79 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Марқұм Ұлы Отан соғысының ардагері, Қаз ССР-не еңбегі сіңген ұстаз Жаркынбаев Байғожа әкесінің ұстаздық жолын жалғастырып, аудан мектептерінде тарих пәнінің оқытушысы, оқу ісінің меңгерушісінен бастап аудандық білім бөлімінде методист-инспектор, мектеп директоры қызметін абыройлы атқарды.

Жаркынбаев Серік Байғожаұлы 1945 жылы 21 желтоқсанда Актоғай ауылында дүниеге келген. 1964 жылы М.Горький атындағы орта мектепті бітіріп, осы жылы Қарағанды мемлекеттік институтының тарих факультетіне түсіп, 1968 жылы аяқтаған. 1968 жылы әскер қатарына шақырылып, офицерлік курстан өтіп, аға лейтенант шенін алған.

Оқу орнының жолдамасымен 1969-1970 ж.ж. Көкшетау қаласы, 1971 жылдан Актоғай ауданында М.Горький атындағы мектепте тарих, қоғамтану пәнінің оқытушысы, 1970-1971 жылдары Еңбек сегіз жылдық мектебінде директор, 1976-1988 ж.ж. аудандық білім бөлімінде методист-инспектор қызметін атқарған.

1988-2008 ж.ж. №14 кәсіптік училищеде директордың оқу ісінің орынбасары, тарих, қоғамтану пәнінің оқытушысы және кәсіподақ комитетінің төрағасы қоғамдық жұмысын атқарып, осы аталған мекемеден зейнетке шықты.

Ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі бағаланып, Білім Министрінің құрмет, Жезқазған аумақтық кәсіподағының грамоталарымен марапатталған.

Серік Байғожаұлы ұжымда ақыл айтар аға бола білген, көпшіл, ешкімнің көңілін қалдырмайтын, дархан мінезді әріптесіміздің жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз мамық болып нұрыңыз пейіштің төрінде шалқысын.

Марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

**«Ақтоғай аграрлық – техникалық колледжі» КМҚК ұжымы.**

### Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Коми-тетінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті, Мекен-жайы: Қарағанды қ., Костенко к-сі, 6 үй, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) Ақтоғай ауданында "Қазэнергоцентр" ЖШС электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтерінің шекті бағасын арттыру туралы ақпаратты қарау бойынша Жария тыңдаулар өткізеді Қарағанды облысының ауданы.

Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына сәйкес.

#### Қоғамдық тыңдаулар мына жерде өтеді

№	Күні	Уақыты	Орны
1.	15 ақпан 2024г.	сағ. 12.00	Актоғай ауылы, Бөкейхан көшесі 4 Актоғай аудандық әкімдігінің ғимараты

Facebook әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимінде (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7212) 41-34-20, "Казэнергоцентр" ЖШС байланыс телефоны: 8 (7212) 25 82 15.

Тыңдауға мәслихат депутаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

**ТОО «Казэнергоцентр».**

### Объявление

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичные слушания по рассмотрению информации о повышении предельной цены на услуги розничной реализации электрической энергии ТОО «Казэнергоцентр» в Актогайском район Карагандинской области.

В соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках, утвержденными приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36.

#### Публичные слушания состоится по адресу

№	Дата	Время	Место
1.	15 февраля 2024г.	12.00. часов	с. Актогай, ул. Бөкейхана 4, Здание акимата Актогайского района

А так же в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) Контактный телефон Департамента: 8 (7212) 41-34-20, контактный телефон ТОО «Казэнергоцентр»: 8 (7212) 25-82-15.

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

**ТОО «Казэнергоцентр».**

Ауданымыздың қадірменді ақсақалы, ұлағатты ұстаз, бір әулеттің тамырын теренге жайған бәйтеректей қамқоршысы, немере-шөберелерінің тілеуқоры бола білген **Жаркынбаев Серік Байқожаұлының** фәниден бақиға озуына байланысты туған інісі, ішкі істер органдарының зейнеткері, әріптесіміз Жаркынбаев Сейіт Байқожаұлына орны толмас қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз. Марқұмның жатқан жері жайлы, жаны жәннатта, тәні рахатта болсын.

**Көңіл айтушылар: бір топ әріптестері – Сәкітай, Оразбек, Өміртай, Сейітбек, Медет, Орынтай, Әдебиет, Жасұлан, Жанайдар, Мейрам.**

«Ақкыз» бөбекжайы» ұжымы осы ұжымның әдіскері Жармағанбетова Несіпбала Климқызына жолдасы **Жаркынбаев Серіктің**, кіші қызметкер Сансызбаева Салтанатқа енесі **Тышқанбаева Ақбаланың** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

Актоғай ауданының білім бөлімінің ұжымы және аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы білім бөлімінің экономисті Мусина Алтынға әкесі **Мусин Қалқаманның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасыларына, туған-туыстарына көңіл айтады.

## Құттықтаймыз!



**Қадірлі ағамыз,  
ұлағатты ұстаз, Мұрат  
Елегенұлы!**

Бүгінгі ұрпақ сізге өте риза. Өзіңіздің бойыңыздағы туа біткен адамгершілік қасиетіңіз, қырық жылдан аса қасиетті қара шаңырақ білім ордасында, келешек ұрпақ тәрбиесіне өз үлесіңізді қосқан ардагер ұстаз ретінде жақсы біледі.

Ауылшаруашылығының мамандарын даярлауда өзіңіздің бойыңыздағы біліміңізді ұрпақ бойына сіңіре білдіңіз. Сізден дәріс алған әрбір шәкірттеріңіз бүгінгі күні әр салада қызмет жасап, халық игілігіне пайдасын тигізуде. Уақыт шіркін зымырайды сынаптай, кешегі жас маман болып аталған оқу орнына келген Мұрат ағамыз бүгін зейнет жасына толып бейнеттің зейнетін көруге бет бұрды.

Зейнет жасыңыз құтты, деніңіз сау, отбасы рахатын көруге Алла нәсіп етсін деп тілейміз.

Зейнет жас-жасы емес көріліктің  
Жүретін кәдімгідей тарынып тым  
Осы кез дейтін кезің-ақыл толды  
Осы кез дейтін кезің-бәрін ұқтым.  
Мүреке арадағы адалымыз  
Құт болсын зейнет асқан қадамыңыз.  
Дүркіндеп тойдан тойың жүз жаста да,  
Бүлкілдеп қайнап, жатсын қазаныңыз.

**«Ақтоғай аграрлық – техникалық колледжі»  
КМҚК ұжымы.**



Көршіміз **Мамық Ағыл-шынкызын** 60 жасқа толған мерейжасымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге осындай мерейлі күні шын көңіліңізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Тағдыр ұзағынан сүйіндірсін, шаңырағыңыздан лайым шаттық, құт-береке үзілмесін, мерейіңіз дәйім үстем болып балаларыңыздың қуанышына кеңеле беріңіз.

Қызық-шаттық, жақсылықты көре бер,  
Жұртшылықтың алғысын тек тере бер.  
Беделің де артсын ылғи ортада,  
Еңбегіңмен алда өсіп-өне бер.

**Тілек білдірушілер:** Саттар-Айтқұл, Болат-Бұлбұл, Мейрам-Сақыпжамал, Нұрлан-Айгүл, Қайыр, Мұратбек-Бақша, Саят-Жанат, Ардақ, Қанат-Дина, Тимка-Айнаш, Қуандық-Бибігүл, Төлген-Гаухар.

**Құрметті  
Жармағанбетова  
Қарлығаш Рахманқызы!**

Сізді келіп жеткен 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Өміріңіз қашанда көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын.

Сізге шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Марат екеуіңіз немере, шөбере қызығына тоймай ұзақ ғұмыр кешіңіз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,  
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.  
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,  
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз

**Ізгі тілекпен: отбасылық достарың – Серік, Қайрат, Коля, Асхат, Сағдат, Мәжиттің отбастары.**



## Құттықтаймыз!



Құрметті де қадірлі жездеміз **Есенбаев Қабдыманды** 70 жас мерейтойымен, апамыз **Зайраны** туған күнімен құттықтаймыз.

Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілей отырып, біріңіз ақсақалды ата, біріңіз ақ жаулықты әже болып отбастарыңыздың ортасында 100 жасқа жетулеріңізге тілектеспіз.

Өнерлісіз сырнай тартып, ән салатын,  
Даусыңызға жұртыңыз бар тамсанатын.  
Сегіз қырлы, бір сырлы азаматсыз,  
Сонымен қадірлейді барша халқың.  
Біледі жұрт қадіріңізді түсіне де,  
Қарайды олар азаматтың ісіне де.  
Кең пейіл, жүрегі кең азаматсыз,  
Үлкенге ізет, қамқоршысыз кішіге де.

**Ақ тілекпен: Кішкентаев Нығметолла әулетінен.**

**Құрметті  
Мухтарбекова Замзагул  
Советқызы!**

Сізді келіп жеткен зейнеткерлік жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге қартаймас жайдарлы көңіл, мәнді де мағыналы өмір, көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын, Коля екеуіңізге немере, шөбере қызығын көруге нәсіп етсін.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,  
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.  
Аман болып жанұяң мен бауырларың,  
Жалғансын ақ тандарың нұрын шашқан

**Ізгі тілекпен: отбасылық достарың – Серік, Қайрат, Асхат, Сағдат, Марат, Мәжиттің отбастары.**



**Құрметті Зайгүл  
Қазықызы!**

Сізді мерейлі жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге өмірдің бар бақыты мен шаттығын тілеп, әр таныңыз жақсылықпен атып, әр жылыңыз қуанышқа толы болсын. Қадам басқан белесіңіз бақыт, шаттықпен өрілсін. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат пен көтеріңкі көңіл тілей отырып, тың күш-қуатпен биік белестерді бағындырып, балалар мен немерелер қызығын көруге Алла нәсіп етсін.

Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,  
Келе берсін басыңызға бақ күліп.  
Шаттықпен көріп таңның арайын,  
Жаратушы төксін игі жақсылық.

**Ақ тілекпен: Гүлшара, Жанат, Қарлығаш, Мәрзия, Дарияш, Әлия, Раушан, Айсұлу, Бақша, Кәмшат, Саягүл**

## Құттықтаймыз!

**Құрметті Қақабаева  
Ләззат Елегенқызы**

Сізді еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Еткен еңбектің еленгені кімге болса да қуаныш, көңілге үлкен медет.

Іскер басшылық пен жауапкершілік сынды қасиеттеріңізбен жастарға үлгісіз. Сіздің бойыңызда талап пен тәртіп, кәсібилік пен іске адалдық және риясыздық сияқты адами құндылықтардың ең биік өлшемдері бар. Талап пен жігер жетелеген өмір өрісінде өзгелерден озып дараландыңыз. Осы мерей-жасыңызда сізге денсаулығыңыз мықты, жүзіңіз жарқын, дәулет-ырыстың сыр суындай сарқылмасын, табыс-тартулардың тау суындай таусылмауын тілейміз. Бақытыңыз балалар мен немерелеріңіздің ортасында шуаққа бөленіп жасыңыз жүзге жетсін.

Орындалсын мұрат-арман ойыңыз,  
Әрқашанда биік төрде болыңыз.  
Жасай бер, жас келсе де қартаймаңыз,  
Өмірдің кемдігіне мұнаймаңыз.

**Ігі тілекпен: «Аққыз» бөбекжайының ұжымы.**



Ақтоғай ауылының тұрғыны, аяулы ана, немерелеріңіз сүйікті әжесі **Садықбекова Зайгүл Қазықызын** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз.

Аяулы ана! Шығар шын-дарыңыз, бағындырар биіктеріңіз, алар асуларыңыз көп болсын. Әрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында шалқып-тасып жүре беріңіз. Сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз. Арамызда бүгінгі күндей жарқырап, күліп-ойнап жүре беріңіз.


Өмірдің әр қырынан іздеп арай,  
Бақыт құсы самғасын Сізге қарай.  
Алпыстың асуынан еркін асып,  
Сөтті қадам басыңыз жүзге қарай.  
Құтты болсын бүгінгі мерекеніз,  
Сіз бар кезде асқармен теңесеміз.  
Алшаң басып жүре бер арамызда,  
Тарқамасын әрдайым берекеніз.

**Тілек білдірушілер: балалалары – Ақылбек-Айдана, Диас-Жазира, Аян-Парасат, Мөлдір және немере-жиендері.**



## Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық "Aqtogai ajary" газеті редакциясында 3\*4, 5\*6, 10\*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА** Жауапты хатшы: Думан Қабыл

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.  
Таралымы 850 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

**Электрондық пошта aqtogai\_red@mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

